

A bouquet of pink tulips with green leaves, set against a soft pink background. The tulips are in various stages of bloom, with some fully open and others as buds.

Қош келдіңіздер!!!


Педагог-психолог: Д.Оразова



Тақырып:

Қыз бала мәдениетін қалыптастыру.







Эр-Раби.

Мектеп жасындағы қыз балалар тәрбиесін негізінен үш кезеңге бөлуге болады.

- Бастауыш сыныптар кезеңіндегі тәрбиенің мақсаты тазалыққа, ұқыптылыққа, жинақылыққа үйрете отырып, баланың көп білуге құштарлығын арттыру, кітап оқу мәдениетін дамыту.**

- 
- **Бесінші-сегізінші сыныптар арасында алғашқы кезеңдегі тәрбие түрлері ары қарай дамытыла түседі. Бұл тұста, жас ерекшелігіне қарай, қыз бала анасынан ешнәрсе бүкпейді. Қит еткен нәрсенің бәрін айтып келеді. Сол шыншылдығы мен ашықтығын пайдаланып, қыз баланың келешегіне ең керекті нәзіктік, ілтипаттылық, үлкенді сыйлау, кішіге қамқор болу, тұрақтылық сияқты мінездерді қалыптастыру-басты борыш. Сонда бұл сипаттар келешекте жарасымды жар, аяулы ана, қоғамымыздың белсенді мүшесі болатын қыз баланың бойынан әрқашан нұр болып төгіледі.**

- **Үшінші кезең тоғызыншы-он бірінші сыныптарды қамтиды. Бұл аралықтағы тәрбие алдыңғы кезеңдермен тығыз байланысты. Адамға деген мейірім бала кезден, ең жақын адамын сүюден басталады. Сондықтан әрбір қыз балаға ата-анасын, туыстарын, ұстазын сыйлап, қадірлей білуді үйретсе, болашақта одан елін, жерін, халқын сүйетін, өз шаңырағын ардақтайтын, балаларын жанындай жақсы көретін қамқор ана, қайратты жан, нәзік ару шығары сөзсіз.**



Қыздардың бойындығы жағымды және жағымсыз жақтарын атап өтейікші

1. Жағымды жақсы жағы

2. Жағымсыз жағы

Қыздардың сипатын түсіндіріп өтейікші.

- 1. Сыртқы сұлулығы

Әдемі қыз,
Көрікті қыз,
Әсем қыз ,
Ажарлы қыз,
Шырайлы қыз,
Ару қыз ,
Сұлу қыз.

- Ішкі сұлулығы

- Ақылдылық
- Сабырлылық
- Тәрбиелік
- Адалдық
- Иmandылық
- Әдептілік
- Сезімталдық,
- Жан сұлулығы
- Адамгершілік

**Ата-анаңмен қарым-қатынасыңды білгің келсе
төмендегі сұрақтарға «иә», «жоқ»,
«кейде» деп жауап бер.**

Ұпайларыңды есепте

Әрбір ұпай саны

«иә» -2 ұпай,

«кейде» -1 ұпай,

«жоқ» - 0 ұпай беріледі.

1. Ата-анаң сенің достарыңды біле ме?
2. Ата-анаңмен сырыңды бөлісіп, жеке мәселелерге байланысты ақыл-кеңес сұрайсың ба?
3. Ата-анаңның жұмысына қызығушылық білдіресің бе?
4. Достарың сіздің үйде болып тұра ма?
5. Үй шаруасына көмектесесің бе?
6. Серуендеуге шыққың келетіндей ішің пыса ма?
7. Ата-анаңмен ортақ істерің, әуестігің бар ма?
8. Отбасылық мерекелерге дайындыққа атсалысасың ба?
9. Достарыңмен жиналған кеште ата-анаңның үйде болғанын қалайсың ба, әлде олардың театрға кеткенін армандайсың ба?
10. Ата-анаңмен оқыған кітаптарың туралы ой бөлісесің бе?
11. Ата-анаңмен бірге көрген телехабарлар мен фильмдерді талдағанды ұнатасың ба?
12. Ата-анаңмен бірге театр, мұражай, көрме, концерттерге барасың ба?
13. Ата-анаңмен бірге таза ауаға серуенге, туристік саяхаттарға шығып тұрасың ба?
14. Демалысты ата-анаңмен өткізгенді қалайсың ба?
15. Ата-анаңмен араларыңда өзара түсіністік бар деп ойлайсың ба?

**10 ұпай немесе одан төмен болса
Сенің ата-анаңмен түсінісуіңде белгілі бір
қиындықтар бар. Сіздер бірге
тұрсаңыздар да, бір-біріңізге жат
адамсыздар десе де болады. Мүмкін
сіздердің араларыңызда ұрыс-керістер
болып тұратындықтан, бір-біріңізді
түсінбеулеріңіз ұзаққа созылған
«жатсынуға» айналған болар. Алайда бұл
жағдайдың екі жаққа да қуаныш
сыйламайтыны белгілі.**

**Өзің алғашқы қадам жасап көр. Бірақ ең
алдымен ата-анаңның да өзіндік
қызығушылығы, проблемалары бар
(соның ең бастысы өзің болып
табылатын) қамқор адамдар екенін
түсінуге тырыс.**

10-20 ұпай

**Жаман емес! Ата-анаңмен қарым-қатынасың
жақсы
деп айтуға болады.
Алайда бұл керемет
үйлесімділік емес, бейбіт қатар өмір сүру.
Егер сен сәл ғана
тырыссаң ата-анаңмен қарым-қатынастың,
олармен бірге
болудың достарыңмен бірге болғандай
қуаныш
сыйлайтынына көз жеткізесің.**

•20 ұпайдан жоғары

Құттықтаймыз! Сен мүмкін еместей көрінген жетістікке қол жеткіздің.

**Сені мен ата-анаңның арасында толық түсіністік орнаған.
Демек сенің ата-анаң кез-келген нәрсе үшін**

**• шу шығарып ұрыспайтын,
саған түсіністікпен қарап жайлы өмір сүруге жағдай
• жасаған адамдар деуге болады.**

**Сен де оларды шын сүйетін, сыйластығы мол,
• ашық-жарқын, әрқашан отбасылық мәселелерді бөлісіп,
көмектесуге дайын адамсың.**

• Отбасындағы мұндай қарым-қатынас нағыз бақыт!





Қыз бала бойында

Қыз бала бойында

Жауапкершілік

Тәртіптілік

Еңбекқорлық

Салауаттылық

Шыдамдылық


Білімділік

Ізеттілік

Имандылық

Сауаттылық

Шыншылдық



Қош болыңыздар!

Қош болыңыздар!